

**"6D011600 – География" мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Алиаскаров Думан Тоқтарұлының
"Қазақстан моноқалаларының инновациялық даму үрдістерін
географияда оқытудың әдістемелік негіздері (Текелі және Жезқазған
қалалары мысалында)" тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Қазіргі дүниеде адами ресурстардың дамуы мен экономиканы аумақтық тиімді ұйымдастыру мәселелері қалалармен тығыз байланысты. Адамзат дамуының аса маңызды жетістіктері шоғырланып отырған қалалар өзінің маңында қалыптасқан елді мекендер шоғырының ғана емес, аймақтың, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына үлкен ықпал етіп отыр. Зерттеушілер үшін бір жағынан қалалардың аумақтық дамудағы рөлі, екінші жағынан осынау аса күрделі табиғи-техногендік жүйенің тіршілік қауіпсіздігі мен экономикалық даму заңдылықтарын жете зерттеу аса маңызды болып табылады. Фылыми-теориялық зерттеулөр барысында алынған нәтижелерді, қалалар географиясы курсының білім мазмұнына ендіру, географиялық білім беру үрдісінде жаңа инновациялық ГАЖ-технологиялары көмегімен пайдаланып оқыту - зерттеу жұмысының өзектілігін айқындайды.

Диссертациялық жұмыста "моноқала" және "инновациялық даму" ұғымдарының географиясы әр қырынан талданып, тұжырымдық-түсіндірмелік негіздегі мәліметтер базасы құрылған. Әлемдік және отандық тәжірибелерді зерделеу арқылы алынған нәтижелер, теориялық және әдістемелік тұрғысынан маңызды саналады.

Моноқалалардың инновациялық даму үрдістерінің географиялық білім берудегі орнын анықтауда, қазіргі танда елімізде жүзеге асырылып жатқан жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасын басшылыққа алған. Моноқалалардың кеңістіктік мәселелерін ескере отырып, жаңартылған мазмұндағы географиялық білім берудегі орнын анықтаған. Текелі және Жезқазған қалалары мысалында орындаған кешенді талдау жұмыстарын, бағдарламаның мақсат-міндеттеріне сәйкестендірген. Яғни, зерттеу жұмысының теориялық мәселелері практикамен өзара байланысқан.

Диссиденттың 2015-2017 жылдардағы іссапарлар барысында алынған нақты нәтижелерді білім беру үрдісінде пайдалануы, болашақ ұрпақтың зерттеушілік, танымдық құзіреттерінің дамуына ықпал етеді. Мысалы, қалалардағы жағдайды талдауға құрылған SWOT-анализ, географиялық үрдістерді түсіндіретін фотоматериалдар, әлемдегі бірбейінді қалаларды дамыту бойынша іс-шаралар кешенін жүйелеу, әлеуметтік-экономикалық жаңғырту бойынша диссиденттың ұсыныстары – жұмыстың нәтижелілігін көрсетеді.

Автор моноқалалардың инновациялық даму үрдістерін географиялық білім беруде ұйымдастыру іс шараларына негіз ретінде ЖОО мен орта білім беру саласын тандаған. ЖОО-да оқытылатын "Геоурбандалу" пәннің мазмұнын қайта құрылымдаш, пәннің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеген.

Пәннің мазмұны әлемдік және отандық урбандалу трендтеріне қатысты құрастырылған карталармен, инфографикалармен, сызбалармен жасақталған. Сонымен қатар, урбандалу үрдісінің заманауи терминдеріне анықтамалар беріліп, мысалдар келтірілген.

Ал, орта білім беру жүйесінде оқыту мәселесі 9-сыныптарға арналған факультативтік сабактар түрінде жоспарланған. Мұнда да, мектеп географиясында оқытудың мазмұны құрастырылып, "Қалалар географиясы" факультативтік сабағының тақырыптық-күнтізбелік жоспары әзірленген. Аймақтық компонент ретінде құрылған факультативтік сабактың мақсаты оқушылардың танымдық, ғылыми ізденіс іс-әрекеттерін арттыруға бағытталған. Және моноөндірістік қалаларды экологиялық сауықтыру бойынша жобалық жұмыстың үлгісі жасалған. Жалпы, аталған мазмұндық блоктың негізгі бағыты Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласындағы "Прагматизм", "Тұған жер" ұғымдарымен ұштастыруды көздейді. Яғни, оқушыларға сабактан тыс уақыттарда өзінің тұған жері туралы мағлұматтар беріп, тұлға ретінде дамуына жағдай жасау. Мұны біз мемлекеттің стратегиялық бағдарламасының білім беру үрдісінде жүзеге асуы деп бағалаймыз.

Жалпы, диссертанттың орындаған жұмысында ғылым мен білім беру ісінің өзара байланысын аңғаруға болады. Ғылыми зерттеу барысында алынған нәтижелерді кестелер, карталар, инфографикалар, суреттер, сызбалар түрінде бейнелуі – жұмыстың ғылыми жаңашылдығын, алынған нәтижелердің жүйелілігін көрсетеді. Диссертанттың білім беру ісін ұйымдастыруда жаңа ақпараттық ГАЗ-технологияларын пайдалануы, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде Текелі мен Жезқазғанға арнайы далалық зерттеулер жүргізуі – диссертациялық жұмыстың барлық талаптарына сәйкес келеді.

Сондықтан, автордың зерттеу жұмыстарының нәтижелерін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық географиясы, ГАЗ, қалалар географиясы, географиялық білім беру салаларында маңызды және практикалық міндеттерді шешуге бағытталған ғылыми енбек деп санаймын.

Қорыта келгенде, Д.Т. Алиаскаровтың "Қазақстан моноқалаларының инновациялық даму үрдістерін географияда оқытудың әдістемелік негіздері (Текелі және Жезқазған қалалары мысалында)" тақырыбында дайындалған докторлық диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде орындалған, ал оның авторы "6D011600 – География" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,
ҚР ҰҒА-ның академигі,
г.ғ.д., профессор**



РАСТАЙМЫН:	Абай атындағы ҚазҰПУ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӘЛМІНІҢ БАСТАҒЫ	
ЗАВЕРЯЮЩИЙ	Э.С. Бейсенова
КОЛЫ ПОДПИСЬ	
ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ КазНПУ имени Абая	